

Ереже Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернаттар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім Министрлігі алқасының 15 қазан 1993 ж. N 9 шешімі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімінде 1995 жылғы 11 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 45. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 554 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернаттар туралы Ережені күшіне енгізу жайында Жалпы білім беретін мектептері жоқ шалғай ауылда балалардың білім алу құқын қамтамасыз етуге жағдай туғызу және оларды тәрбиелеуде жанұяға көмек көрсету мақсатында алқа қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрліктерімен келісілген Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернаттар туралы Ереже күшіне енгізілсін.

2. Облыстық Білім басқармаларына:

2.1. Алқаның шешімін басшылыққа алсын және бұлжытпай орындасын.

2.2. Алқаның шешімін және Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернаттар туралы Ережені барлық аудандық және қалалық білім бөлімдеріне жеткізсін.

3. Күші жойылған болып есептелсін.

а) 12.07.1976 ж. Қазақ ССР Оқу министрлігінің N 196 алқа шешімімен бекітілген "Қазақ ССР жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернаттар туралы Ереже";

б) 13.07.1988 ж. N 20-6 Қазақ ССР Халыққа білім беру Министрлігінің және 13.07.1988 ж. N 18-3-03 Қазақ ССР Қаржы Министрлігінің хаты.

4. Алқа шешімінің жүзеге асырылуын бақылау интернаттар және балалар құқын қорғау мекемелерінің бөліміне жүктелсін. (Саламахин А.Ф.)

Алқа төрағасы

Министр

Келісілген:

Қазақстан Республикасы

Білім министрінің

орынбасары

Келісілген:

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

орынбасары

К е л і с і л г е н :
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы м и н и с т р і н і ң

орынбасары

**Қазақстан Республикасы Жалпы білім беретін
мектеп жанындағы интернаттар туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ереже

1.1. Жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернаттар Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңына сәйкес жалпы білім беретін мектептері жоқ ауыл-селоларда тұратын оқушылардың білім алу құқына жағдай туғызу және бала тәрбиелеуде жанұяға жәрдем беру мақсатында ұйымдастырылады.

1.2. Жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернатта толық мемлекет қамқорлығындағы және басқа интернаттарға бөлінеді.

1.3. Жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернаттар жергілікті әкімнің шешімімен құрылады және таратылады.

1.4. Интернаттар мектепке жақын жерге орналасуға және қажетті тұрғын үймен, шаруашылық жабдықтарымен қамтамасыз етілуі керек.

1.5. Мектеп жанындағы интернаттар өзінің жұмысында Қазақстан Республикасы "Білім туралы" заңын, осы Ережені және басқада білім туралы нормативті құжаттарды басшылыққа алады.

1.6. Мектеп жанындағы интернаттарда онда тұруға қайшы келетін медициналық ауытқушылығы жоқ 6 жастан дейінгі балалар оқып, тәрбиеленеді.

1.7. Әр тәрбие тобындағы балалар саны 25 адамнан аспауы керек.

1.8. Білім мекемелері интернаттар тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайына жүйелі бақылау жасап отырады, оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда және мамандарды іріктеу мен тағайындауда әдістемелік көмек көрсетеді.

1.9. Интернаттың оқу-тәрбие жұмысын, тәрбиеленушілердің тұрмыс-жағдайын, қаржы-шаруашылық ісін, жариялылық принципімен басқарудың демократиялық формасына сәйкес ұйымдастыру дербестілігін арттыру мақсатында белгіленген тәртіп бойынша өзін-өзі басқару ұжымдары құрылады.

**2. Тәрбиеленушілерді жалпы білім беретін мектеп
жанындағы интернаттарға қабылдау және толық
мемлекет қамқорлығына өткізу тәртібі**

2.1. Жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернаттарға толық мемлекет қамқорлығына :

а) ж е т і м б а л а л а р ;

ә) колхоздар мен совхоздардың шопандар және басқа да ауылшаруашылығының мемлекеттік немесе мемлекеттен тыс құрылымдарында ешкі, қой, жылқы, ірі қара мал бағушылардың, таулы және шалғай жайылымдары , сонымен қатар Қазақстан Республикасының шөлді және шөлейт аудандарын мекендеген жанұялардың балалары қабылданады.

2.2. Жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернаттарда тәрбиеленушілерге мемлекет тарапынан мекенжай, тамақ, төсек-орын жабдықтары және көпшілік пайдаланатын басқа да заттар, ал толық мемлекет қамқорлығына алынған тәрбиеленушілерге бұдан басқа киім мен аяқ киім белгіленген мөлшерге сәйкес беріледі.

2.3. Жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернаттарды тұрғын үймен, жылу және электр жүйелерімен, тамақпен, оқулықтармен және басқа оқу құрылдарымен жабдықтау, сонымен бірге қызмет етушілерге төленетін ақымен қамтамасыз ету жергілікті бюджет арқылы қаралады.

2.4. Интернатқа тәрбиеленушілерді қабылдау, құрамында жергілікті өкімет және білім органдары басшыларының орынбасарлары, мектеп директоры, интернат меңгерушісі, ата-аналар комитетінің төрағасы бар комиссияның шешіміне сәйкес тамыз айының 20-на дейін жүзеге асырылады.

Босаған орынға бала қабылдау оқу жылы ішінде осы комиссия арқылы жүргізіледі .

2.5. Интернатқа қабылдауға қажетті құжаттар: ата-аналардың жұмыс орындарынан олардың материалдық-тұрмыс жағдайлары туралы анықтама, тууы туралы куәліктің көшірмесі, баланың денсаулығы жөніндегі анықтама, оқушының жеке қағаздары, ата-анасының баланы интернатқа қабылдау туралы ө т і н і ш і .

2.6. Мектеп жанындағы интернаттарда балаларға берілетін тағамдармен жеткілікті қамтамасыз ету үшін мектеп жанындағы оқу-тәрбие учаскесінің, қосымша шаруашылықтың өнімдерін пайдалануға болады.

2.7. Мектеп жанындағы интернаттарды жетіспейтін мал шаруашылығы өнімдерімен, картоп, жеміс және көкөністермен, сонымен қатар интернаттар салу , оларды жөндеу, материалдық жағдайларын жақсарту, көлікпен қамтамасыз ету мақсатында колхоздар мен совхоздарда және басқа ауыл шаруашылығы құрылымдарында шаралар қолданылады.

3. Оқу-тәрбие жұмыстары және тәрбиеленушілердің жағдайын ұйымдастыру

3.1. Мектеп жанындағы интернатта тұратын оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу Қазақстан Республикасы Білім министрлігі бекіткен бағдарламалар мен жоспарларға сәйкес жүргізіледі.

3.2. Қазақ ССР-інің 13.02.91 жылғы N 743-XIII "Қазақ ССР-інде агроөнеркәсіп комплексін және ауылдар мен селоларды дамыту туралы" заңының талаптарына сәйкес алыс жайылымдағы жұмысшылардың балалары жоғары және арнаулы орта оқу орындарына конкурстан тыс қабылдану құқына ие болады.

3.3. Күн тәртібі балалардың оқуы мен еңбегін және демалысын педагогика тұрғысынан дәлелді үлестіру мақсатында тәрбиеленушілердің интернатта тәулік бойы болуын ескере отырып, мекеме кеңесінің шешімімен бекітіледі.

3.4. Тәрбиеленушілердің әралуан тәрбиелік мәні бар еңбек, спорт, мәдени-көпшілік жұмыстарға қатысуы өз еркімен, ынтасымен және дербестілік негізінде жүзеге асырылады. Тәрбиеленушілер ұжымының жұмысы оқушылардың өзін-өзі басқару негізінде жүргізіледі. Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, тәрбиешілер тәрбиеленушілердің ынтасын, балалар және жасөспірімдер ұйымдарының, оқушылар бірлестігінің белсенділігін жүзеге асыруға жағдай жасап отырады.

3.5. Мектеп жанындағы интернат тәрбиеленушілері музыка, көркемөнер және спорт мектептерінің сабақтарына кәсіподақ, мәдениағарту, мектептен тыс және басқа мекемелер ұйымдастырған түрлі үйірмелер мен секцияларға, сонымен қатар мектеп оқушыларымен бірге түрлі конкурстарға, олимпиадаларға, спартакиадаларға, көрмелерге қатыса алады.

3.6. Оқу жылы бойына тәрбиеленушілердің ішінен құрамында түрлі комиссия төрағалары (оқу, мәдени көпшілік, шаруашылық, тазалық т.б.) бар интернат кеңесі сайланады.

Интернатта оқушылар саны 25-тен жоғары болса, староста және оның бір-екі көмекшісі сайланады.

Тәрбиешінің басшылығымен кеңес мүшелері интернатта, асханада кезекшілікті ұйымдастырады, өзіне-өзі қызмет ету жұмыстарының белгіленген күн тәртібінің орындалуын қадағалайды, үлгірімі нашар оқушыларға көмектесіп, тәрбиеленушілердің бос уақытын көңілді өткізуіне ықпал етеді. Оқу жылының соңында интернат кеңесі тәрбиеленушілердің жалпы жиналысында өз жұмыстары жайлы есеп береді.

3.7. 4-10 класс оқушылары өздері тұратын интернат пен оның ауласын таза ұстауға, өзіне-өзі қызмет етуге байланысты барлық жұмысты орындауға міндетті,

сабақтан тыс уақытта мектеп директорының немесе интернат меңгерушісінің басшылығымен ауыл шаруашылығы жұмыстарына қатысады.

Балалар денсаулығына қауіпті (санитарлық жүйелерді тазалау, терезелерді жуып-сүрту, шатырдағы қарды түсіру, жылу жүйелерінде жұмыс жасау т.б.) жұмыстарға оқушыларды жұмсауға рұқсат етілмейді.

4. Жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернатты басқару. Басшы және педагогикалық қызметкерлер

4.1. Мектеп жанындағы интернатты мемлекеттік қоғамдық басқару жариялылық, демократия және өзін-өзі басқару принципі негізінде жүзеге асырылады.

4.2. Интернаттың барлық қызметкерлерінің міндеті мен құқы лауазым туралы нұсқаумен, жалпы білім беретін мектептердің Ережесімен анықталады.

4.3. Мектеп директорына интернат құрылымын, штаттық кестені бекіту, қаржы мүмкіндігіне қарай еңбек ақыны төлеу құқы беріледі.

4.4. Интернаттың оқу-тәрбие, әкімшілік-шаруашылық жұмысына жалпы басшылық жасау мектеп директорына жүктеледі. Интернаттың меңгерушісі болып жоғары білімі бар, педагогикалық стажы үш жылдан кем емес адам тағайындалады.

4.5. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңына сәйкес мектеп жанындағы интернаттарға педагогтарды қабылдау конкурстық негізде, кейін келісім-шартқа отыру негізінде жүргізіледі.

4.6. "Қазақ ССР-інің агроөнеркәсіп комплексіндегі ауылдар мен селоларды дамыту" туралы Қазақ ССР-інің Заңына сәйкес интернат мекемелерінің педагог қызметкерлері отынға, коммуналдық қызметке және электр энергиясына ақы төлеуден босатылады. Жеке меншігінде малы бар қызметкерлер ауыл шаруашылығы қызметкерімен бірдей жем-шөппен, мал жаятын және шабатын жермен қамтамасыз етіледі.

5. Мектеп жанындағы интернаттың қаржылануы және есебі

5.1. Жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернаттар сол мектептің бюджетіне сәйкес қаржыландырылады. Интернат кредитін интернатта тәрбиеленушілердің санына байланыссыз бөлуші мектеп директоры болып есептеледі.

5.2. Интернат белгіленген мөлшер бойынша қосалқы шаруашылықты, оқушылар кооперативін құрып, халыққа әр түрі ақылы қызмет көрсете алады. Одан түскен пайда интернаттың жеке қорына құйылады.

5.3. Мемлекет тарапынан бөлінген бюджетті жұмсау, интернаттың жеке

қаржысын құру және оны жұмсау, мекеменің қаржышаруашылық істерін анықтау тәртібі қазіргі кезеңде күші бар нормативті құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

5.4. Жалпы білім беретін мектептер жанындағы интернат белгіленген жүйе бойынша іс қағаздарын жүргізеді және бағынатын білім органдарына есеп береді.

5.5. Интернаттың жасау-жабдығы мектептің заттары тіркейтін кітапшасының есебінде болады.

5.6. Интернаттың жеке мөрі болмайды. Мектеп мөрін пайдаланады.